

«Бекітемін»



«Алтын Самұрық» бөбекжай
балабақшасы филиалының

менгерушісі

Э.С.Мырсейтова

**Балабақшада балалардың
тамақтануын ұйымдастыру
сапасын бақылау
(қамқоршылық кеңес)**

2026 жыл

Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау

Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау – балалардың денсаулығын сақтау және оларды дұрыс, теңгерімді тамақпен қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін маңызды жұмыс. Бұл бақылау жүйесі тамақтану процесін жоспарлау, ұйымдастыру және қадағалау арқылы жүзеге асырылады. Оның негізгі мақсаты – балалардың физикалық дамуын қолдау және жалпы денсаулығын нығайту.

Балабақшада балалардың тамақтануын бақылауда қамқоршылық кеңесінің рөлі ерекше. Кеңес балаларға ұсынылатын тағамдардың сапасын, мәзірдің әртүрлілігі мен қоректік құндылығын, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын және ерекше диеталық қажеттіліктердің орындалуын қадағалайды.



Қамқоршылық кеңесінің негізгі міндеттері

Қамқоршылық кеңесі балаларға берілетін тағамдардың сапасын бақылап, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес толыққанды және теңгерімді тамақтануын қамтамасыз етуге ықпал етеді. Сонымен қатар ата-аналардың

ұсыныстары ескеріліп, тамақтануға қатысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Кенес мүшелері тағамдардың құрамындағы дәрумендер, минералдар, ақуыздар, майлар мен көмірсулардың мөлшерін бақылап, мәзірдің үнемі жаңартылып отыруына назар аударады. Балалардың аллергиялық ерекшеліктері мен жеке диеталық талаптары да тұрақты бақылауда болады.



Санитарлық-гигиеналық бақылау

Тамақ дайындау және сақтау орындарындағы тазалықтың сақталуы, азық-түліктің сақтау мерзімдерінің тексерілуі және санитарлық нормалардың орындалуы тұрақты түрде қадағаланады. Бұл жұмыстар балалардың қауіпсіз әрі сапалы тағаммен қамтылуын қамтамасыз етеді.



Ата-аналардың пікірлері

Ата-аналар балабақшадағы тамақтану сапасын жоғары бағалайды. Олардың пікірінше, мәзір әртүрлі, пайдалы әрі балалардың жас ерекшеліктеріне сай құрастырылған. Көкөністер мен жемістердің күнделікті берілуі, сүт өнімдері мен ет тағамдарының болуы балалардың дұрыс өсуіне оң әсерін тигізуде.

Сонымен қатар ата-аналар балалардың иммунитеті жақсарып, жаңа тағамдарды қызығушылықпен қабылдай бастағанын атап өтеді. Аллергиялық

ерекшеліктері бар балалар үшін жеке талаптардың ескерілуі де жоғары бағаланған.

Тексеру қорытындысы

Жүргізілген тексеру нәтижесінде балалардың тамақтану рационы жас ерекшеліктеріне сәйкес келетіні, қоректік құндылығы толық қамтамасыз етілгені анықталды. Асханадағы санитарлық-гигиеналық талаптар сақталғаны және азық-түлік өнімдерінің дұрыс сақталатыны тексерілді.

Ата-аналар мен педагогтердің пікірлері тыңдалып, ұсыныстар қарастырылды. Арнайы диеталық талаптарды орындауға қатысты бақылауды одан әрі күшейту ұсынылды.

Қорытындылай келе, балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасы мен санитарлық жағдайы қанағаттанарлық деңгейде деп бағаланды. Қамқоршылық кеңесі балалардың денсаулығын сақтау мен дұрыс тамақтануын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды жалғастыру жөнінде ұсыныстар берді.